

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысушылар қатарындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету қағидасы туралы

Күшін жойған

Астана қаласы мәслихатының 2013 жылғы 13 желтоқсандағы № 196/28-V шешімі . Астана қаласының Әділет департаментінде 2013 жылғы 13 желтоқсанда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 794 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2014 жылғы 27 наурыздағы № 226/31-V шешімімен

Ескерту. Шешімнің күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 27.03.2014 № 226/31-V шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексі 55-бабының 1-тармағы 5-тармақшасына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңы 8-бабының 3) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Заңының 2-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Астана қаласының мәслихаты

Ш Е Ш Т І :

1. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысушылар қатарындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету қағидасы бекітілсін .

2. Осы шешім оны алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласы мәслихаты
сессиясының төрағасы С. Хамхоев

Астана қаласы
мәслихатының хатшысы С. Есілов

Астана қаласы мәслихатының
2013 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 196/28 - V шешіміне

қосымша

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысушылар қатарындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету ҚАҒИДАСЫ

Осы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысушылар қатарындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету қағидасы (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексі 55-бабының 1-тармағы 5-тармақшасына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңы 8-бабының 3) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Заңының 2-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес әзірленді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысушылар қатарындағы, осы оқиғаларда қасақана кісі өлтіргені және милиция қызметкерінің, халық жасақшысының өміріне қастандық жасағаны үшін сотталған, өздеріне қатысты қылмыстық істерді қайта қараудың қолданылып жүрген тәртібі сақталатын адамдарды қоспағанда, саяси қуғын-сүргін құрбандарына біржолғы әлеуметтік көмек (бұдан әрі – Әлеуметтік көмек) Астана қаласында тіркелген және тұрақты тұратын а з а м а т т а р ғ а к ө р с е т і л е д і .

2. Астана қаласының бюджеті Әлеуметтік көмекті қаржыландыру көзі болып т а б ы л а д ы .

3. Әлеуметтік көмек «Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі әкімшісі (бұдан әрі – Әкімші) болып табылатын «Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек» бюджеттік бағдарламасына (бұдан әрі – Бағдарлама) сәйкес және қала бюджетінде осы мақсаттарға көзделген қаражат шегінде ұсынылады.

4. Әлеуметтік көмек көрсету үшін «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының

Астана қалалық филиалы (бұдан әрі – ЗТМО) Әкімшіге Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысушылар қатарындағы, осы оқиғаларда қасақана кісі өлтіргені және милиция қызметкерінің, халық жасақшысының өміріне қастандық жасағаны үшін сотталған, өздеріне қатысты қылмыстық істерді қайта қараудың қолданылып жүрген тәртібі сақталатын адамдарды қоспағанда, саяси қуғын-сүргін құрбандарына жататын азаматтар туралы мәліметтерді, сондай-ақ ай сайын ЗТМО деректер қорында тіркелген, жаңадан тағайындалған және келген азаматтар туралы мәліметтерді ұсынады.

2-тарау. Әлеуметтік көмек төлеу тәртібі

5. Біржолғы әлеуметтік көмек Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай ақшалай төлем түрінде 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде б е р і л е д і .

6. Әлеуметтік көмектің сомаларын төлеу ақшалай қаражатты Астана қаласының екінші деңгейдегі банктер бөлімшелері арқылы алушылардың дербес шоттары немесе карталық шоттарына аудару арқылы жүргізіледі.